

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАРАКІЯ АУДАНЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ



ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО
КАРАКИЯНСКОМУ РАЙОНУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

« №10 жалпы орта білім
беретін мектеп»
коммуналдық
мемлекеттік мекемесі
Болашақ ауылы
БҰЙРЫҚ

Коммунальное
государственное учреждение
« Общеобразовательная
школа №10»
Село Болашақ
ПРИКАЗ

Болашақ селолық округі
karakia10@mangystau.edu.kz

Сельский округ Болашақ
karakia10@mangystau.edu.kz

№ 44-нқ

«27» тамыз 2024ж

2024-2025 оқу жылының басталуы туралы

Аудандық білім бөлімінің 25.07.2024 жылғы №148-нқ бұйрығына негізделе отырып,

БҰЙЫРАМЫН:

1. Меншік нысаны және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:

1) 2024-2025 оқу жылының басталуы 2024 жылғы 1 қыркүйек;
1-11 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпанды қоса алғанда).

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2025 жылғы 29 мамырдан бастап 9 маусым аралығында.

11 сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2025 жылғы 30 мамырдан бастап 13 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9-сынып оқушылары үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) -2025 жылғы 29 мамыр;

2) қазақ тілі/орыс тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін -жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) –2025 жылғы 02 маусым;

3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), информатика) – 2025 жылғы 10 маусым;

4) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарды орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша – 2025 жылғы 10 маусым;

-11 сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2025 жылғы 30 мамыр ;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 3 маусым;

3) қазақ тілі/орыс тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), информатика) – 2025 жылғы 12 маусым.

5) орыс тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2025 жылғы 13 маусым;

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Осы бұйрықтың орындалысын бақылау жауапкершілігі оқу ісі орынбасары К.Шилдебаеваға жүктелсін.

Негізі: Аудандық білім бөлімінің 25.07.2024 жылғы №148-нқ бұйрығы

Мектеп директоры



Қ. Жаки